

**Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің  
«Өзін-өзі басқару» ұйымының  
2022-2023 оқу жылының жүргізілген жұмысына  
талдау**

Қазақстан Республикасының білім және Ғылым Министрлігінің

15.02.2021 жылғы №1-18-4/566-И ҚР «Мектеп праламенті» білім аулшылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын негізге ала отырып, 2022-2023 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары құрылып,бекітілді.

Қыркүйек айында 1-11 сыныптың 245/ екі жүз қырық бір/білім алушылардың 228 \екі жүз жиырма сегіз/ оқушы Мектеп Парламенті президентін сайлау күніне қатысты.

Мектеп директорының 27.09. 2022 жылғы № 244 бұйрығы негізінде «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері сайланды.

Мектеп президенті болып 9 «А»сынып оқушысы Кәрібай Жұлдыз сайланды.

15-22 қыркүйек айының аралығында 1-11 сынып оқушылары үшін сынып жетекшілер сыныптардағы өзін-өзі басқару ұйымының сайлауын ұымдастырды.

Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымының Президентінің анты және ұлықтау рәсімі өткізілді.Сонымен қатар ,Мектеп парламентінің топ басшыларына оқушылар Парламентінің Ережесімен таныстырылды.

Мектеп директоры және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының қатысуымен 27 қыркүйек күні 1-11 сынып оқушыларына ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы», «Заңдарын,ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілер мен мектепішілік Ережелермен таныстырылды.

12 қазан күні оқушыларға мектеп формасы ,мектеп ережесі туралы оқушыларға түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды.Сонымен қатар,фракция мүшелері,Қамқоршылық кеңес мүшелері және мектеп әкімшілігінің ,полиция қызметкерлерінің ұйымдастырумен суық қару,мектепке тыйым салатын заттарды тексеру мақсатында түсіндіру жұмыстары мен рейд жүргізіліп отырды. «Құқықтық мәдениет» жобасы 9-11 сынып оқушыларына «Құқық

және біз» дебат , «Құқықтық сауаттылық заман талабы», т.б құқық тақырыбында іс-шаралар жүргізілді.

«Құқық және тәртіп» фракциясының топ жетекшісі Жұмабекова Нұрайна 5-7 сынып оқушыларына «Жол ережелері» тақырыбында оқушыларды қатыстыра отырып, сурет көрмесін және түсіндіру жұмысын өткізді. Мектеп директорының 30.09 2022 жылғы №245 бұйрығы негізінде «Дублер» күні ұйымдастырылды. Қазан айында мектеп парламентінің I-тоқсандық қорытындысы бойынша кезекті отырысы өткізілді.

8-11 сынып оқушыларына мектептің ішкі тәртібі, зиянды заттарды пайдаланбау, қоғамдық жұмысқа белсенділік таныту туралы жиналыс ұйымдастырылды.

Ақпарат фракциясының топ басшысы Аталыкова Лиана мектептің тынысы туралы радио рубка жүргізіп отырды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұлы тұлғалардың өмірбаяндарын, т.б тұлғалар туралы үзіліс кезінде, лездемелерде ақпарат беріп отырды. Еріктілер тобы көктем, қыс айларында жалғыз басты Өмірбекова Кадиша әжейге көмек қолдарын созып отырды.

«Мен салауатты өмір салтын қолдаймын!» жобасы аясында спорт және салауатты өмір салты фракциясының топ жетекшісі Жалғасбек Қасымжан «Мектеп Лигасы» спорттық іс-шаралар ұйымдастырды. Атап айтатын болсақ, «Денсаулық-сенің байлығың» акциясы, «Денсаулық-бұл спорт» атты спорттық жрыстар ұйымдастырып отырды. 5-7 сынып оқушылары үшін эстафеталар және 8-11 сынып аралығында волейбол, 5-7 сынып оқушылары ер балалар арасында футбол, теннис, шахмат, тоғызқұмалақ жарыстары өткізілді. «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?» тақырыбында Парламент фракциясының топ жетекшілері медбике, әлеуметтік педагог, психологы 5-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырды.

Мектеп Парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымының оқушылары жалпы білім беретін мектептердің «Жас Ұлан» ББҰ арасында «Жас Ұлан Ревю» атты аудандық перзентация байқауында жасөспірімдердің шығармашылық талантарын дамытуда II орынға ие болды.

Қазан айында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына орай «Көк тудың желбірегені» атты аудандық бейнеролик байқауына қатысқаны үшін Аталыкова Лиана алғыс хатпен марапатталды.

«Ұшқыр алаң» жобасы бойынша 7-9 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында дебат ұйымдастырылды.

«Адамгершілік шуағы сөнбесін» тақырыбында 3-4 сынып оқушылары арасында танымдық сабақ өткізілді. Қаңтар айында «Туған жерімнің тарландары» тақырыбында 10-11 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

«ЭКО START» жобасы аясында 5-6 сынып оқушылары «Табиғат тамашалары» тақырыбында сурет байқауына қатысты. «Тұрмыстық қалдық заттарды қайта өңдеу» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында сайыс өткізілді. Экология және еңбек фракциясының топ жетекшісі Жұмабекова Нұрайна 1-10 сынып оқушыларымен бірге мамыр айында «Мектеп ауласына бір гүл сыйла» акциясына белсенділік көрсетіп түрлі гүлдер егілді.

Мәдениет және өнер фракциясының топ жетекшісі Нағашыбай Мадина қазан айында Қарабұтақ саз мектебінің домбыра класының жетекшісі Серік Нұржановпен кездесу ұйымдастырды. Мәдениет өнер қызметкерлерімен кездесу барысында сұхбаттар өткізу және шығармашылықпен айналысатын білім алушылардың өнерлері тамашаланды.

2023 жылдың 10-14 сәуір айында «Мектеп. Достық. Бірлескен жұмыс» тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымының апталығы өткізілді. Сәуір айының 10-күні апталықтың ашылуы және «Мектеп Radiosy» айдары апта бойы ақпарат беріп отырды. 3-7 сынып оқушылары арасында «Үздік күнделік» байқауы, «Shevchenko» айдары бойынша «Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?» сыр-сұхбат өткізілді. 11-сәуір күні «Bir So'z», «Сұрақ-жауап», «Кім шапшаң», «Жылулық нәзік сезім» айдары бойынша үзіліс кезінде оқушылармен фракция мүшелері қызықты ойындар өткізді.

«Мектеп ауласын көгалдандыру»акциясына 1-10 сынып оқушыларын тарта отырып сынып аралық гүлдер көшетін отырғызу жұмыстарын жүргізілді. 7-10 сынып аралығында дебат фракциясының топ жетекшісі Бақытқалиева Аида «Ауыл мен қала тіршілігі»тақырыбында дебат ойынын ұйымдастырды.14-сәуір күні мектепішілік волейбол ойыны өткізілді. 8-9 сынып оқушылары арасында аға тәлімгер Жәнібекова М.С «Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?»тақырыбында жоба байқауын ұйымдастырды.Мамыр айында экология және еңбек фракциясының топ жетекшісі Бағдат Айым «Табиғат тамашалары»тақырыбында 5-7 сынып оқушыларына сурет байқауын ұйымдастырды.

Мектеп директорының  
тәрбие ісі жөніндегіорынбасары:

Амиртаева М.С